

«ЗАҢ МЕН ТӘРТП»



«ТАЗА МЕКТЕП –
ТАЗА ҚОҒАМ»

7

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №105 (6667) 25 қараша, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БЕРІК БАУЫРЛАСТЫҚ БАЙЛАНЫС

Түрікменстан Президенті елімізге мемлекеттік сапармен келді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов елімізге мемлекеттік сапармен келді. Кеше Астана халықаралық әуежайында Мемлекет басшысы бауырлас елдің президентін өзі қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеді.

Түрікменстан Президентінің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сапары аясында тараптар жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіп, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту перспективасын талқылайды.

Түрікменстан – Қазақстанмен тату көрші, маңызды стратегиялық серіктес әрі бауырлас мемлекет. Астана – Ашхабад арасындағы қарым-қатынас сенім мен өзара қолдаудың жоғары деңгейімен сипатталып келеді. Екіжақты ынтымақтастықтың баянды дамуы Қазақстан мен Түрікменстанға ғана емес, тұтас аймақтағы интеграцияның алға ілгерлеуіне оң ықпал етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

АЛМАТЫНЫҢ ЖАҢА БАСТАМАЛАРЫ

Өңірлік штаб отырысында инвестициялық жобалар қаралды

Алматыда қала әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен Өңірлік инвестициялық штаб отырысында көлік, энергетика, өнеркәсіп және инновация салаларындағы қолданыстағы әрі келешектегі инвестициялық жобалар жан-жақты талқыланды.

Жиын барысында ГТС-2 жүк терминалын дамыту, жылу электр станциясын салу, автобус паркін жаңғырту және зарядтау инфрақұрылымын жүйелі түрде дамыту жайы талқыланды. Бұған қоса, газ толтыру станцияларын құруға қатысты жобалар да қаралды.

Өнеркәсіптік бағытта жаңа буындағы темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт салу және автокөлік орындықтарын өндіру көлемін арттыруға арналған жобалар ұсынылды. Сайран маңында инновациялық қалалық СЭС пен жасанды интеллект музейін құру жөніндегі бастама таныстырылды. Бұл жоба энергетика, заманауи технология мен білім беру салаларын тоғыстырып, болашақта қалаға серпін беретін орталық ретінде сипатталды.


Отырыс қорытындысы бойынша қала әкімі тиісті басқармаларға аталған жобаларды одан әрі қолдап, әрбірін тиянақты түрде пысықтауды тапсырды. Инвестициялық штаб тұрақты жұмыс істеп, қолға алған бастамалардың орындалуына бақылау күшейтіледі.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:


@AQSHAMY_KZ


@AQSHAM_NEWS


@AQSHAM_NEWS


@AQSHAM_NEWS






www.aqshamnews.kz


9 772223 237006



САРАПТАМА

ҚАЗАҚСТАН МЕН АРМЕНИЯ

стратегиялық серіктестікке ұмтылады

20–21 қарашада Армения Премьер-министрі Никол Пашинян Қазақстанға ресми сапармен келді. Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөздер қорытындысы бойынша екіжақты қарым-қатынасты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеретін құжатқа қол қойылды. Сонымен қатар, Армения Премьер-министрі Қазақстанның Үкімет басшысы Олжас Бектеновпен, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановпен кездесу өткізді.

Қазақ-армян қатынасы

Тәуелсіз Қазақстан мен Армения арасындағы қарым-қатынас біршама ұзақ тарихи кезеңнің сынынан өтті. КСРО ыдырап, одақтас республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін екі мемлекет арасындағы қатынас достық пен өзара тиімді ынтымақтастық рухында дамып келді.

1992 жылы 27 тамызда Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. 1992 жылы қазан айынан бастап Қазақстанның Армениядағы, 2007 жылы 1 наурыздан бастап Арменияның Қазақстандағы елшіліктері жұмыс істеп келеді.

Екі елдің арасындағы шарттық-құқықтық база 1993 жылда қалыптасты. Сол жылы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы қатынастардың негіздері туралы шарт жасалды. Ал 1999 жылы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылған.

Қазақстан мен Армения арасында диалог барлық деңгейде жүргізілуде. Қазақстанның Президенті мен Арменияның премьер-министрі деңгейінде ынтымақтастық дамып келеді. Мысалы, Армения Республикасының Премьер-министрі Никол Пашинянның 2019 жылғы 29 мамырдағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мерейтойлық отырысына қатысу үшін Қазақстан Республикасына жұмыс сапарымен келді. Ол сапар аясында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен екіжақты кездесу өткізді. Сондай-ақ, мынадай екіжақты келіссөздер ұйымдас-тырылған:

• **Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 31 қыркүйек – 1 қазандағы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысу үшін Армения Республикасына жұмыс сапары;**

• **Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҰҚШҰ ҰҚК сессиясына қатысу үшін 2023 жылғы 23 қарашада Ереванға жұмыс сапары;**

• **Армения президенті А.Саркисянның 2021 жылғы 3–5 маусымда Қазақстанға жұмыс сапары;**

• **Армения Премьер-министрі Никол Пашинянның ЕҰАК отырысына қатысу үшін 2022 жылғы 24–25 ақпанда Қазақстан Республикасына жұмыс сапары;**

• **Никол Пашинянның ТМД МБК отырысына қатысу үшін 2022 жылғы 14 қазанда Астанаға жұмыс сапары.**

Екіжақты байланыстың жаңа кезеңі

Қазақстан мен Армения арасындағы қарым-қатынасты реттейтін соңғы құжат 1999 жылы қабылданғанын біз жоғарыда атап өттік. Сол уақыттан бері екі ел өзара қарым-қатынасын достық пен өзара тиімді ынтымақтастық негізінде дамытты. Қазақстан соңғы жылдары сыртқы саясатта көрші елдермен және геостратегиялық маңызды аймақтармен қарым-қатынасын стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейге дейін көтеруде.



(Дереккөз: Akorda.kz)

Бұл тұрғыда Оңтүстік Кавказ бағыты да еліміз үшін маңызды. Әсіресе, көлік-транзит саласында байланысты дамыту қажет. Әзербайжанмен қарым-қатынас жоғары деңгейде енді Армениямен байланыс стратегиялық серіктестік деңгейге көтерілді.

Бұған 2024 жылы сәуірдегі Қасым-Жомарт Тоқаевтың Арменияға жасаған ресми сапары мен Армения Премьер-министрі Никол Пашинянның Қазақстанға кезекті жасаған ресми сапары түрткі болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастықты стратегиялық серіктестік деңгейіне шығаратын тарихи құжатқа қол қойылатынын мәлімдеді.

Бұдан бөлек, келіссөз қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті мен Армения Премьер-министрінің қатысуымен ресми делегация мүшелері үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттармен алмасты. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметі арасындағы құпия мәліметтерді беру, қолдану, қорғау және сақтау туралы келісім; екі ел бір-бірінің аумағында дипломатиялық өкілдіктерінің ғимаратын салуға арналған жер телімдерін бөлу туралы келісім; үкіметтер арасындағы 2026–2030 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі жол картасы қатарлы салмақты құжаттар да бар.

Бұдан тыс екі елдің түрлі салалардағы ведомстволары бірқатар маңызды бағыттар бойынша меморандумдармен алмасты. Армян тарапымен ынтымақтастық туралы меморандум алмасқан министрліктер қатарында Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс, Жасанды интеллект және цифрландыру, Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау министрлігі және Сыртқы істер министрлігі бар.

Құрметке құрылған ынтымақтастық

Қазақстан сыртқы саясатта геоэкономикалық прагматизмге басымдық береді. Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинянның мемлекеттік сапары аясындағы кездесулерде де сауда және көлік-транзиті әлеуетін арттыруға мән берілді. Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар маңызды мәлімдемелер жасады. Айталық, өзара сауда айналымын ұлғайту үшін Қазақстан армян нарығына жалпы құны 350 миллион доллар болатын

тауар ұсына алады. Сондай-ақ, Қазақстан Арменияның экспорттық әлеуетін қолдауға дайын екенін де жеткізді. Бұған қоса, Мемлекет басшысы жаңадан құрылған Қазақстан – Армения іскерлік кеңесі екі ел бизнес өкілдерінің басын қосып, екі жаққа да тиімді жобаларды жүзеге асыруға тиіс екенін де баса белгілеп өтті. Қазақстан Арменияның көлік-транзит саласындағы «Бейбітшілік қиылысы» бастамасын қолдайды. Сондай-ақ, кездесу барысында Президент «TRIPP халықаралық бейбітшілік пен өркендеу жолы» жобасына қатысуға қызығушылық танытып отырғанымызды растады.

Ақордадағы екіжақты кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның бейбітшілікті жақтаушы, өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қолдаушы ел екенін тағы бір мәрте растап, Қазақстан тарапы Армения мен Әзербайжанның бейбітшілік жолындағы ортақ ұмтылысын толық қолдайтынын жеткізді. Соған қоса, Президент Армения және Әзербайжан арасындағы ұзақ жылға созылған түйткілді реттеу ісіндегі Никол Пашинянның тарихи миссиясын атап өтіп, оның Оңтүстік Кавказда тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы батыл қадамына, көреген саясаты мен күш-жігеріне жоғары баға берді.

Сауда-экономикалық және көлік-транзиттік әлеуетті арттыруға Армения тарапы да мүдделі екенін көрсетті. Бұл туралы Армения Премьер-министрі Никол Пашинян былай деді: «Қазақстан біздің еліміз үшін өте жақсы үлгі деп санаймыз. Біз қазақ халқын құрметтейміз. Осы құрмет екіжақты ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға негіз болады. Бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен өзара ықпалдастығымыздың басты бағыттарын ілгерілету жағдайын жан-жақты талқыладық. Өңірдегі өзгерістерді ескерсек, экономикалық және көлік саласындағы қатынастарымыздың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашылады. Көлік бағытындағы әлеуетті толық жүзеге асыру маңызды. Оның нәтижелі болатынына сенімдімін».

Бұдан бөлек, ресми сапар қорытындысы бойынша цифрландыру мен ЖИ, мәдени-гуманитарлық салаларда ынтымақтастықты нығайтуға уағдаластық жасалды. Жалпы, Никол Пашинянның Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапары екіжақты байланысты ғана емес, аймақтар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға оң әсер етпек.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





МЕГАПОЛИС

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН ҚАЛА

Алматы тұрғындармен тұрақты диалог орнатып келеді

Алматы – еліміздің ең ірі мегаполисі, әлеуметтік-экономикалық дамудың драйвері, жаңашыл бастамалар ең алдымен іске қосылатын орта. Мұнда халық санының көптігі мен қарқынды урбанизация мемлекеттік басқару жүйесіне жоғары талап қояды. Қоғам мемлекеттік қызметтен ашықтық пен әділеттілікті, сапалы қызмет көрсетуді күтетіні жасырын емес.

Осы тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы Алматы үшін ерекше маңызға ие. Мұны әлеуметтік саладағы да, инфрақұрылымдағы да, күнделікті өмірдегі мәселелерді шешудің жаңа стандарты десек те болады. Қазіргі таңда Алматыда тұрғындардың үнін тыңдау жүйесі нақты институттарға, тұрақты диалог алаңдарына және заманауи цифрлық сервистерге айналды.

Тұрғындар өтініші – үнемі назарда

Алматыда әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту – халықпен тұрақты кері байланыс негізінде жүзеге асып жатқан негізгі бағыттардың бірі. Қала әкімі Дархан Сатыбалды халықтың жайлы өмір сүруіне бағытталған көптеген тың жобаларды жүзеге асырып, олардың жүйелі атқарылуына басымдық беріп келеді. Мәдениет пен спорт саласы, білім, қоғамдық көлік, адам өмірі үшін қажетті қандай жұмыстар бар, солардың барлығы орындалып жатыр. Мәселен, Алматыда Президент бастамасымен «Келешек мектептері» жобасы аясында Алматыда 34 800 орынға арналған 21 мектеп салынуда. Биыл 23 100 орынды 13 мектеп ашылды. Келер жылы 11 700 орынға арналған сегіз мектептің құрылысы аяқталады. Алатау ауданында салынып жатқан жеті мектептің бесеуі іске қосылды, қалған екеуі келесі жылы пайдалануға беріледі. Қала бойынша орын тапшылығы 34 мыңнан асатын, бүгінде 27 мыңға түсті. Жаңа мектептер бұл мәселені айтарлықтай жеңілдетеді. Сонымен қатар, UEFA стандартына сай 35 мың орынды жаңа стадионның құрылысы басталады. «Медеу» кешені халықаралық деңгейдегі спорттық-туристік орталыққа айналып, жылдық келушілер саны 1,5 миллион адамға дейін жетеді.

Бұл жобалар кездейсоқ бастама емес – жүздеген қоғамдық қабылдауларда, әлеуметтік желілердегі пікірталастарда, Open Almaty-ға түскен мыңдаған өтініште көтерілген өзекті сұрақтарға берілген жүйелі жауап.

Алматы цифрлық сервистерді енгізуде ел бойынша көш бастап тұр. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Шынарарай Әлімханның айтуынша, мемлекеттік қызмет сапасын арттырудың негізгі факторы ашық басқарудың басты құралы.

– Бүгінде 46 мемлекеттік орган 300-ден астам қызметті онлайн көрсетеді. Бұл уақытты үнемдейді, бюрократияны азайтады, азаматтар үшін қолжетімділікті арттырады. Басқару жүйесі қоғам үшін жұмыс істеуі керек, – дейді ол. Бүгінде алматылықтар Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы өздерінің мәселелерін еш кедергісіз шешуге дағдыланған. Әлбетте, бұл тұжырымдаманың сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі нәтижесі.

OPEN ALMATY – қалалық диалогтың басты платформасы

Алматыда халық пікірін һәм ұсынысын тыңдау қалай жүзеге асып жатқанын бағамдап көрдік. Қазір кез келген мәселені қолымыздағы алақандай ғана құрылғының көмегімен шешуге болады. Сол секілді, Алматы жұртшылығы да өздерінің ұсыныс-пікірін, түйткілді мәселесін билікке жеткізу үшін ең әуелі смартфон көмегіне сүйенетінін байқадық. Бұл ретте «Open Almaty» жобасы қалалықтар үшін тиімділігін көрсетті. Бүгінде аталмыш платформа жылдам жауап беріп, халықпен кері байланыс орнату арқылы ел сеніміне ие. Ондағы жауапты мамандардың уақытпен санаспай тұрғындар үшін қызмет атқарады.

Жергілікті билік пен халық арасындағы ең тиімді көпір – Open Almaty 2017 жылдан бері жұмыс істейді. Онда қалалықтардың өтініші портал, фронт-офис, 1308 байланыс орталығы, мобильді қосымша және әлеуметтік желілер секілді бес арна арқылы қабылданады.

2025 жылы қаңтары мен қыркүйек аралығында Open Almaty сервисіне қала тұрғындарынан 173 518 өтініш түсті. Оның 69%-ы орындаушы органдарға жолданбай,



жергілікті жерде шешімін тапты. Егер нақтырақ айтатын болсақ, платформаға тоқсандық көрсеткіш бойынша 1-токсанда 49 981 (29%); 2-токсанда – 73 220 (42%); 3-токсанда – 50 317 (29%) өтініш түскен. Олардың ішінде ең көп өтініш анықтамалық ақпарат бойынша – 46 960 (27%); қала тіршілігіне қатысты мәселелер бойынша – 65 463 (38%), білім беру саласына қатысты 61 095 (35%) адам хабарласқан. Өтініштердің басым бөлігі (98%) колл-орталық (57%), әлеуметтік желілер арқылы (41%) келген.

Айта кеткен жөн, бүгінде «Open Almaty» орталығына жолданған өтініштердің уақтылы қаралып, оң шешімін тауып жатқанына риза болған қала тұрғындары алғыстарын жиі білдіруде. Қарапайым жол жөндеу мен аула инфрақұрылымынан бастап, жарықтандыру, қоғамдық көлік, заңсыз құрылыс секілді күрделі мәселелерге дейін – талай азамат осы сервистің арқасында нақты нәтижеге қол жеткізді. Бұл – «Халық үнін еститін мемлекет» қағидатының Алматыда өміршеңдік тауып, іс жүзінде жүзеге асып отырғанының айқын дәлелі.

Тұрақты кері байланыс бар

Баршамызға мәлім, 2019 жылғы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыру қажеттігін атап өткен. «Халықтың барлық сындарлы өтініштері жедел қаралуы тиіс», «Азаматтармен тұрақты диалог орнату – тұрақтылықтың негізі», «Мемлекеттік органдардың бейқамдығына жол берілмейді» деген қағидаттар бүгінгі Алматыда нақты іске айналып келеді.

Бүгінде қалада тұрғындардың ұсыныс-пікірін қабылдау жүйесі бір орталыққа топтастырылып, өтініштерге жауап беру мерзімі айтарлықтай қысқарған. Ашық есеп беру тәжірибесі қалыптасып, әлеуметтік желілердегі жедел әрекет ету мәдениеті орнықты. Коммуналдық компаниялар мен басқармалар халық алдында тұрақты түрде есеп беріп отырады.

Президенттің әлеуметтік желілер арқылы берілетін жедел тапсырмалары мен Akorda.kz виртуалды қабылдауы да осы басқару моделінің ұлттық деңгейдегі жалғасы іспетті.

Алматыда Open Almaty арқылы тұрақты кері байланыс жолға қойылған, әлеуметтік инфрақұрылым тұрғындардың тікелей сұранысы негізінде жаңғыртылып жатыр, мемлекеттік қызметтер толық цифрландыруға көшті бүгінде. Депутаттардың қоғамдық қабылдауларында көтерілген мәселелер шешімін табуда, қала әкімдігі есеп беру мен жауапкершіліктің жаңа стандартына бет бұрған. Алматы – диалогқа дайын қала, серіктестікке ашық қала, халықтың үнін естіп, соған сүйеніп даму жолын таңдаған қала. Бұл дегеніміз, Әділетті Қазақстанға апарар сенімді бағыт.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайрат БЕГАЛИН,
Алматы қаласы
мәслихатының депутаты:



**Еден жуушы да
елеусіз қалмайды**

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бүгінгі күні қоғамның сан саласына серпін беріп, тұрғындардың сенімін арттырды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыру, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, халықтың өмір сапасын жақсарту міндеттерін айқындап берді. Әсіресе, білім саласының стратегиялық маңызы, оқулық сапасы, қала мен ауыл мектептері арасындағы теңсіздік, еңбек нарығына сай маман даярлау – назар аударуды талап ететін мәселелер екені атап өтілді. Президент жүктеген кәсіптік бағдарлау саясаты да уақыт талабына сай маңызды бағыт болып отыр.

Жолдауда көрсетілген міндеттер – баршамызға ортақ жауапкершілік. Осы талаптарды шынайы орындаған жағдайда ғана «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты нақты іске асады.

Депутат ретінде қоғамдық қабылдауларда тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын жүйелі түрде тыңдап, оның шешілуіне ықпал етіп келемін. Әріптестерім де халық көтерген мәселелерді сессияға шығарып, қала әкімдігімен бірлесе шешуге күш салып жүр. Қала өміріндегі түйткілдердің бір бөлігі жедел шешілсе, кейбірі уақыт пен қомақты қаржыны қажет етеді. Бірақ ең маңыздысы – тұрғындар көтерген әр ұсыныс назардан тыс қалмайды, әрбір мәселе өз деңгейінде қаралады.

2025 жылдың 30 қаңтарында біздің депутаттық сауалымыз бойынша денсаулық сақтау, білім және жұмыспен қамту салаларындағы техникалық қызметкерлердің (еден жуушы, сантехник, электрик, аула тазалаушы және т.б.) еңбегінің төмен бағалануы мәселесі көтерілді. Тиісті талқылаудан кейін бұл бастама Алматы қаласының Білім басқармасы тарапынан қолдау тауып, техникалық мамандардың жалақысы 30%-ға артты. Бұл шешім әлеуметтік әділеттілікті күшейтіп, еңбек ұжымдарының мотивациясын көтеруге және өмір сапасын жақсартуға елеулі ықпал етті.

Бүгінгі мақсатымыз – халық пен билік арасындағы ашық диалогты нығайтып, тұрғындардың сенімін ақтау. Бұл жолда тоқтаусыз еңбек ету қажет.

ЗАҢСЫЗ ҚАРЫЗ

Көлеңкелі микронесиелеу жүйесі әшкереленді

Алматы сынды алып мегаполис үшін қауіпсіздіктің басым бағыттарының бірі – экономикалық, қаржылық қауіпсіздік. Алматыдағы Экономикалық тергеу департаменті Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында аймақтағы заңсыз микрокаржылық ұйымдармен күрес барысын баяндады.

 Гүлжанат СЕМБАЕВА

Заңсыз микронесиелеуді тоқтату жұмысы Президент айқындаған мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі – «Заң және тәртіп» қағидаты аясында жүргізіліп жатыр. Мамандар комиссиялық дүкендер, автокөлік жалдау мен онлайн-платформалар түрінде жұмыс істеген көлеңкелі микронесиелеу жүйесін әшкереледі. Мекеменің мәліметінше, қалада 14 заңды және 1 жеке тұлғаға қатысты қылмыстық іс тіркеліп, азаматтарға келтірілген шығын толық өтелген.

Департамент басшысының орынбасары Сабырғали Балғалиевтің айтуынша, қылмысты талдау барысында кейбір компанияның тұтынушылармен «тауар сатып алу» шартын жасасып, іс жүзінде оларды кепіл ретінде пайдаланғаны, мүлікті қайта-қайта сатып жіберіп, жасырын үстемәқы алғаны анықталған.

«Тергеу аясында 6 МҚҰ-ға, оның ішінде Creditum және Sofi Finance ұйымдарына қатысты іс сотқа жолданды. Қарыз алушылар кепілдік шарт түрінде рәсімделген микроқарыздар үшін алған сомадан 3–5 есе көп төлеуге мәжбүр болғаны іс барысында белгілі болды», – деді ол.

Шығынды өтеп, заңсыз құрылымдардың жолын кесу мақсатында 42,6 млрд. теңгенің мүлкіне шектеу қойылып, азаматтардың негізгі қарызы бойынша 1,6 млрд. теңге кешірілді. Алматы прокуратурасы әлеуметтік осал санаттағы 60 мыңнан астам азаматтың құқығын қорғау үшін сотқа талап-арыз берген.

Бұдан бөлек, 7RAYda.kz сайты арқылы 7 мыңнан астам адамға 10 млрд. теңгеден асатын заңсыз қарыз берген «Aiken Tech» ЖШС-нің қызметі тоқтатылды. Сонымен бірге, «Comfort Time» ЖШС-нің жалған зейнетақы аударымын пайдаланып, 400 млн. теңгеден асатын 140 қайтарымсыз кредит алуға мүмкіндік берген схема да анықталды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Аталмыш іс-шараны Наурызбай ауданы әкімі аппараты мен Алматы қаласы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұйымдастырды. Бұл бастама азаматтар үшін бағдарлы сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыру жөніндегі Жалпыхалықтық жоспар аясында жүзеге асырылуда.

Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, мемлекеттік қызметті алу тәртібін түсіндіру және тұрғындардың түрлі мемлекеттік органдар өкілдерімен тікелей байланысын қамтамасыз ету.

 Нұрлан СҮЙІН

Ауқымды іс-шараға Наурызбай ауданы әкімінің аппараты, аудандық ішкі істер бөлімі, көші-қон қызметі, мемлекеттік кірістер басқармасы, білім бөлімі, санитарлық-эпидемиялық бақылау басқармасы, «Отбасы банк» АҚ, зейнетақы және жәрдем-ақы төлеу орталығы, міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры, №36 қалалық емхана, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен өзге де мемлекеттік органдар қатысты.

«Бүгінде барлық мемлекеттік қызмет ХҚО арқылы электрондық форматқа көшіп, оның ішінде онлайн

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН

Ұлттық ұлан сарбаздары марапатқа лайық

 ҚОҒАМ КҮЗЕТІ

Алматы қаласындағы Ұлттық ұланның Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінде біржылдық қызметін абыроймен аяқтаған сарбаздарды запасқа шығарып салу рәсімі өтті.

 Нұржамал ӘЛІШ

Салтанатты іс-шараға әскери бөлімнің командалық құрамы, ардагерлер және құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында әскери бөлім командирі полковник Мақсат Баймағұлов сарбаздардың жыл бойғы еңбегін атап өтіп, ел тыныштығын сақтаудағы жауапкершілігін жоғары бағалады. Сондай-ақ, қоғамдық тәртіпті қадағалау барысында көзге түскен сарбаздардың ата-аналарына Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-майор Аңсаған Балтабековтің, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Талапкер Әміреевтің және бөлім командирі атынан Алғыс хат пен грамоталар табысталды.

Салтанатты жиында «Сарбаз аналары комитеті – Ана жүрегі» бірлестігінің өкілі Татьяна Тропина мен 5571 әскери бөлімі Ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы майор Берік Алмағамбетов сарбаздарға ақ



жол тілеп, борышын абыроймен атқарған жауынгерлерге «Отан қорғаушының анасы» төсбелгісін табыс етті.

Ерекше атап өтетін тағы бір жаңалық – жыл бойғы қызметі барысында көзге түскен үздік 26 сарбазға жоғары оқу орындарына білім гранттарына құқық беретін сертификаттар табыс етілді.

ӘЙЕЛДЕР ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН

Алматыда «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы басталды

2025 жылғы 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» дәстүрлі акциясы өтеді. Халықаралық әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою күнімен тұспа-тұс келетін бұл науқан әйелдерге қатысты жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын алу, ана мен баланы қорғау, отбасы құндылығы мен әйелдер құқығын қорғауға бағытталған.

Акция аясында Алматы қаласының аумағында мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері, полицияның қоғамдық көмекшілері және бұқаралық ақпарат құралдары кеңінен тартылатын болады. Қалада тұрмыстық зорлық-зом-

былықтың алдын алу, отбасы институтын күшейту және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша семинарлар мен ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бүгінде қоғамда күш көрсету, әлімжеттік жасау, моральдық және физикалық зиян келтіру оқиғалары жиі тіркеліп отыр. Осыған орай акция кезінде тұрмыстық құқық бұзушылыққа бейім адамдармен профилактикалық кездесулер өткізіліп, әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырауының алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, онлайн форматтағы кездесулер мен басқа да тақырыптық іс-шаралар өтеді.

Данагүл Бақытжанқызы ШАЛҚАРОВА,
Әуезов аудандық полиция бөлімі,
Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі,
отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен
күрес бойынша бөлімшесінің инспекторы,
полиция капитаны.

ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

Науызбай ауданында «Халыққа қызмет көрсету күні» өтті



түрде жүріп жатыр. Біздің де мақсатымыз – әр саланың қызметкерін шақырып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Бүгінде арасында «Отбасы

банк» АҚ, Зейнетақы төлеу орталығы бар, жиырмадан астам мемлекеттік орган біздің ауданда қызмет көрсетіп, кеңес беруде», – деді Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Айнұр Бекжанова.

Келген мамандар, әсіресе, бүгінгі интернет заманында барлық қызметті eGov электронды үкімет, чат-бот қосымшасы арқылы алуға болатынын

айтып, сол қызметтерді қалай пайдалануды көрсетіп жатты.

Акцияға келгендердің барлығы дерлік қойған сұрақтарына тұшымды жауап, келелі кеңес алып жатты. Жеке мәселелерді шешудің жолдарын біліп, мүмкіндіктер алаңының кең екенін түсінді. Іс-шара 300-ден астам аудан тұрғындарын қамтыды.

Дегенмен, әкімдік тарапынан автопаркті жаңарту, жаңа бағыттар ашу, газбен жүретін және экологиялық автобус санын арттыру – бұл мәселені жүйелі түрде шешуге бағытталған нақты қадамдар. Уақыт өте келе бұл жұмыстар жолашылар маңында қорғаныс және арасындағы дағдылы қолдану кәсіпін дамыту, әсіресе, әкімдіктің



БЕКЗАТ ӨНЕР жауһарлары

Республика сарайында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының 90 жылдығы аталып өтті. Салтанатты гала-концертте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хаты оқылды. Президентіміздің жылы лебізін Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов оқып берді.



Нұржамал
ӘЛІШ

«Бұл – ұлттық музыка өнерінің мерейлі белесі. Әйгілі Ахмет Жұбанов негізін қалаған филармонияның ғасырға жуық уақыт ішінде халқымыздың рухани мұрасын жаңғыртуға, өркениетіміздің өрісін кеңейтіп, қазақтың ән-күйін әлемге танытуға зор үлес қосты. Ұлт руханиятында айрықша із қалдырған көптеген тұлғаларымыз осы киелі сахнада өнер көрсетті. Өнегелі ұжым бүгінде кәсіби шеберлігін шыңдап, аға буынның тағылымды жолын жалғастырып келеді. Төл мәдениетімізді паш етіп, қалың көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүрген филармония қызметкерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Баршаңызға амандық, шығармашылық шабыт тілеймін!», делінген құттықтау хатта.

КРЕАТИВТІ БУЫН

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы 90 жылдығына гала-концерт ұсынды

Кеш алдында филармония ардагерлері қызыл кілеммен сән-салтанатпен жүріп өтті. Бұл сәт айтулы кешке жиналған, осынау бекзат өнерді бағындырған талант иелеріне ерекше мерекелік көңіл күй сыйлағаны анық.

Сондай-ақ, Алматы қаласы музейлерінің бірлестігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейі филармония тарихы мен Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылық мұрасына арналған көрме ұсынды. Алматылықтар мен қала меймандары еліміздегі ең байырғы музыкалық мекемелердің бірегейі саналатын филармонияның 90 жылда жүріп өткен жолынан сыр шертетін, үнсіз сөйлейтін, сирек кездесетін мұрағаттық фотосуреттер мен материалдарды тамашалады.

Сарай сахнасында Н.Тілендиев атындағы «Отырар сазы» мемлекеттік фольклорлық-этнографиялық академиялық оркестрі, Т.Әбдірашев атындағы мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік үрмелі оркестрі, Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласы,

Классикалық гитаристердің мемлекеттік квинтеті, Ғазиза Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті, Мемлекеттік үрмелі квинтет, сондай-ақ танымал солистер, домбырашылар және пианистер өнер көрсетті.

Концерт бағдарламасы ұлттық және әлемдік музыкалық классиканың асыл жауһарларын ұсынды. Көрермендер көрнекті қазақстандық композиторлар – Нұрғиса Тілендиев, Мұқан Төлебаев, Еркеғали Рахмадиев, Тілес Қажығалиев, Асқар Бестібаев, сондай-ақ ұлы классиктер – Людвиг ван Бетховен, Николай Римский-Корсаков, Антонио Вивальди және Пабло Сарасаттың шығармаларын тыңдады.

Бұл кеште Н.Тілендиевтің «Махамбет» күйі, «Өз елім», «Құстар әні», «О, туған жер!» әндері, аңызға айналған «Аққу» күйі, Абайдың «Айтым сәлем, Қаламқасы», М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсынан мерекелік би, сондай-ақ Людвиг ван Бетховеннің 9-шы симфониясынан фрагмент орындалды. Сонымен қатар, екі фортепианоға арналған шығармалар да бекзат өнердің әдемі әлемін паш етті.

ЛЕБІЗ

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
КСРО-ның және
Қазақстанның Халық
артисі:

ТАРИХ ТҮЗГЕН ХАЛЫҚТЫҚ
МҰРАМЫЗҒА АДАЛДЫҚ

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы – Алматының рухани жүрегі десем, қателеспеймін. 90 жылдан бері тарих түзген халықтық мұрамызға адал болып, классикалық заманауи музыка өнерінің де көшін сүйреп келе жатқан, осынау ғажап өнерді дәріптеп жүрген әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын. Ахмет Жұбановтан бастау алған мәдениет ошағының бүгінгідей үлкен деңгейге жетуінде әрқайсысыңыздың үлесіңіз бар. Классикалық және дәстүрлі қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосып жүрген сіздермен мақтанамын!

Гала-концерт қазақстандық музыка мектебінің дәстүрлерін, шеберлігін және 90 жылдық тарихын біріктіре отырып, еліміздің мәдени өміріндегі ең жарқын оқиғалардың бірі болып жазылды тарих парағына.

Айта кетейік, филармония 1935 жылғы қаңтарда құрылған. Бастапқыда қазақ музыкатанушысы, академик Ахмет Жұбанов өлкелік көркемдік-концерттік ұйым ретінде ұйымдастырған. Ал жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың есімі филармонияға 1938 жылы берілген.

«AUEZOV AWARDS» – ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ МЕРЕКЕСІ

Әуезов ауданы комьюнити-орталығы мен демалыс орталықтарының «AUEZOV AWARDS» атты жылдық қорытынды концерті өтті. Бұл кеш – бір жыл ішінде атқарылған игі істердің, тың бастамалар мен әлеуметтік жобалардың, жастардың шығармашылығы мен белсенділігінің қорытындысы.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Комьюнити-орталық пен демалыс орталықтары жүзеге асырған жобалардың нәтижесі мен жастардың табысты еңбектері сахна төрінде көрініс тапты.

– Алматының әр ауданында кем дегенде 2 комьюнити-орталықтан бар. Бұл орталықтар жастардың жан-жақты қырларын ашуға, бойларындағы мүмкіндікті пайдалануға ерекше шабыт сыйлайды. Біздің шығармашылық бағыттағы орта

жастарды әлеуметтендіру мен қоғамда өздерін дамытуға көмектеседі. «AUEZOV AWARDS» – дарынды, шығармашыл, креативті жастардың басын біріктірген бірегей алаң, – деді Әуезов ауданы комьюнити-орталығының жетекшісі Бауыржан Махамбет.

Іс-шараның мақсаты – ауданның креативті, белсенді, заманауи жастар қауымын қолдау, олардың еңбегін бағалау және жаңа бастамаларға шабыт беру.

Бағдарлама аясында жыл бойы жүзеге асқан жобалардың таныстырылымы ұсынылып, түрлі аталым бойынша үздік жастар, жетекшілер мен қызметкерлер марапатталды.

Ал комьюнити-орталықтың белсенді қызметкері Қуаныш Өтемісов Әуезов ауданы басшылығының тың ұсыныстарды қашан да қолдауға дайын екенін жеткізді. «Бір жылдың ішінде біз жастарға арналған бірқатар жобаны жүзеге асырдық. Оның ішінде жастардың идеяларын қалалық деңгейге дейін танытатын тренингтер мен семинарлар, шеберлік сабақтар ұйымдастырдық. Нәтижесі жаман емес», – деді қызметкер.





«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

«ТАЗА МЕКТЕП – ТАЗА ҚОҒАМ»

Алматы мектептері кешенді жобаны қолға алды

Алматыда «Білім беру жүйесінің өзекті мәселелері» тақырыбында білім басқармасының кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов төрағалық етті. Отырысқа Прокуратура, білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің, полиция және төтенше жағдайлар департаменттерінің өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік және жекеменшік мектептердің, мектеп-интернаттардың, қосымша білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Мәжіліс барысында білім беру ұйымдарында заңдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты салалық ведомстволардың баяндамалары тыңдалды. Қатысушыларға бақылау-қадағалау шараларының қорытындылары, білім сапасының сыртқы бағалауының нәтижелері, профилактикалық және тәрбиелік жұмыстардың жай-күйі, санитарлық және өрт қауіпсіздігі нормаларының сақталуы туралы есептер ұсынылды. Сонымен қатар, оқу үдерісіне жүргізілген кешенді мониторингтің қорытындылары таныстырылды. Жекелеген мектептердің басшылары анықталған заңбұзушылықтар бойынша түсініктеме беріп, оларды жою мақсатында қабылданған шаралар туралы баяндады.

Белгілі болғандай, бүгінгі таңда елімізде «Заң және тәртіп» қағидатына ерекше мән беріліп отыр. Осыған байланысты Абзал Нүкеновтың айтуынша, «балаларға адалдықты, қоғамдық өмірдің нормалары мен ережелерін мектеп қабырғасынан бастап дарыту қажет».



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары инклюзивті білім беруді дамытудың маңыздылығына тоқталып, білім беру ұйымдарында әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

Абзал Нүкенов педагогтарды, оның ішінде, әсіресе, жекеменшік мектептердің мұғалімдерін оқыту үдерісіне барынша жауапкершілікпен қарап, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге шақырды.

Қала әкімінің орынбасары құрамына аудан әкімдерінің орынбасарлары, мектеп өкілдері, ювеналды полиция қызметкерлері, әлеуметтік қызметтер өкілдері кіретін жұмыс тобын құруды ұсынды. Аталған топ мектептердегі қауіпсіздік мәселелері бойынша алдын алу бағытында жұмыс істеп, қалалық құрылымдар арасындағы коммуникацияны жолға қоюмен айналысатын болады.

Кеңес қорытындысын шығара келе, Абзал Нүкенов оқушылар арасында тәрбие жұмысына және азаматтық құнды-

лықтарды қалыптастыруға бағытталған шараларға ерекше көңіл бөлудің қажеттігін атап өтті.

«Мемлекет балалардың білім алуына барлық жағдай жасап отыр. Біз үшін ең бастысы – жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың нақты нәтиже беруін қамтамасыз ету. Мектеп директорларының мойнында үлкен жауапкершілік тұр, сондықтан өз жұмыстарына сын көзбен қарап, туындаған мәселелерді дер кезінде шешуді сұраймын», – деді ол.

Отырыста өскелең ұрпақты «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экожобасына кеңінен тарту мәселесіне айрықша көңіл бөлінді. Осыған орай Алматы қаласы әкімінің орынбасары қаладағы барлық мектептерде «Таза мектеп – таза қоғам» бастамасын енгізуді тапсырды. Жобаның негізгі мақсаты – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаның тазалығына жеке жауапкершілік сезімін арттыру, әр адамның әділ әрі эко-

логиялық тұрақты қоғам құрудағы рөлін түсіндіру.

– «Орта тазалығы», «сана тазалығы» және «қол тазалығы» – бұл өзара тұтасқан үш мақсат және олар өскелең ұрпақты тәрбиелеудің басты қағидаттарына айналуы тиіс, – деді ол.

Сонымен қатар, басым бағыттардың қатарында қаржылық тәртіп, мемлекеттік сатып алудың ашықтығы, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау мәселелері де атап өтілді. Жасөспірімдер арасында заңбұзушылығының алдын алу да негізгі тақырыптардың бірі болды. Бұл ретте педагогтар мен психологтардың бірлескен жұмысының маңызы ерекше екені атап өтілді. Қала әкімінің орынбасары көтерілген мәселелерді шешу үшін нақты шараларды қамтитын жол картасын әзірлеуді ұсынды және Алматының білім беру саласында көшбасшы ретіндегі орнын сақтап қалуы қажеттігін ерекше қадап айтты.

А.Нүкенов, сонымен бірге, балаларда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және идеологиялық құндылықтарды нығайту қажеттігіне назар аударды. Оның айтуынша, «Адал азамат» бағдарламасы жауапкершілігі жоғары азаматты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Өз кезегінде Алматы қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов тәрбие үдерісіне ата-аналардың белсенді қатысуын талап ететінін тілге тиек етті.

«Бала отбасында не көрссе, соны бойына сіңіреді. Мектеп өз функцияларын орындайды, алайда мемлекет ата-ананың орнын баса алмайды. Ортақ күш-жігер ғана дені сау, білімді әрі шығармашыл ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік береді», – деді ол.

Жиын қорытындысы бойынша білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, ведомстволарлық өзара іс-қимылды күшейтуге, балалар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыруға бағытталған нақты шараларды көздейтін резолюция қабылданды.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»

Елімізде соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан реформалардың түпкілікті мақсаты заң мен тәртіп орныққан Әділетті Қазақстан құруды көздейді. Президент өз Жолдауларында әділеттілік – мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың саналы таңдауына айналуы тиіс екенін, жемқорлықпен күрес тек жазалау шаралары арқылы емес, оның алдын алу, қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру арқылы іске асатынын баса белгілеп өткен.

Осы ұстанымды нақты іске асыру мақсатында еліміздің барлық өңірінде жастардың құқықтық сауатын арттыруға, олардың әділдік пен жауапкершілік құндылықтарын бойына сіңіруге бағытталған түрлі жобалар жүзеге асуда.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Соның бірі – Алматыда өткен «Адал ұрпақ» жобасы аясындағы «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» байқауы. Бұл шара қала жастарының адалдық мәдениетін қалыптастыруына ықпал етіп қана қоймай, олардың азаматтық позициясын шығармашылық арқылы жеткізуге мүмкіндік берді. Байқауға қатысқан жастар жемқорлықтың қоғам дамуына тигізетін зиянын түрлі форматта талдап, өз идеяларын бейнеролик, эссе және шығармашылық жұмыстар арқылы көрсетті. Жас қатысушылардың жұмыстары қоғамдағы әділетсіздікке қарсы үн қата алатын, белсенді, ойлы буын қалыптасып келе жатқанын айқын аңғартты.



Байқауға қатысушылар қоғамдағы түйткілді мәселелерді өз көздерімен көріп, оны шешуге деген ұмтылыс танытты. Эссе жазған жастар көбіне жемқорлықтың адамдар арасындағы сенімді әлсіретінін, мемлекеттің дамуын баяулататынын, тіпті шағын деңгейдегі парақорлықтың өзі үлкен әлеуметтік әділетсіздіктің бастауы болатынын атап өтті. Ал бейнеролик авторлары парақорлық мәселесіне нақты тоқталып адалдықтың құндылығын жеткізіп, қоғамды өзгерту ең алдымен адамның өзінен басталатынын көрсетті. Мұндай жұмыстар жастардың өз ортасында ғана емес, жалпы қоғамда адалдықты

насихаттауға үлес қосатынын дәлелдейді.

Шараны ұйымдастырған «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры жобаны бірнеше жылдан бері Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асырып келеді. «Адал ұрпақ» тек адалдыққа шақыратын оқу-ағарту жобасы емес, ол – жастардың құқықтық мәдениетін көтеруге, заңды құрметтеуге тәрбиелейтін кешенді бағдарлама. Қоғамда әділдікке бағытталған көзқарасты қалыптастыру – тек мемлекеттік органдардың емес, жалпы қоғамның ортақ міндеті екені белгілі. Ал өскелең ұрпақ бойына осы құндылықты

ерте кезден сіңіру – болашақтағы жемқорлықсыз қоғамның алғышарты.

Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар салтанатты рәсім барысында арнайы марапатқа ие болды.

«Адал ұрпақ» жобасы – Президенттің заң мен тәртіп идеологиясын қолдауға бағытталған маңызды бастама. Адал азамат – алдымен өз ісіне жауапты, сөзі мен ісі сәйкес келетін адам. Бүгін марапатталған жастар осы бағыттағы өз көзқарасын нақты жеткізе білді», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.

Әділетті қоғам құру бағытындағы мемлекет пен қоғамның ортақ ұмтылысы мұндай шаралардың маңызын тіпті де жоғарылата түсті. Өйткені, әділетсіздікпен күрес тек заңнаманы күшейтумен шектелмейді, ол – ұрпақ тәрбиесі, сана-сезім, моральдық ұстанымдар қалыптастыру арқылы жүзеге асатын ұзақ мерзімді процесс. Бүгінгі жас буынның осы мәселеге бей-жай қарамауы – ертеңгі Қазақстанның қандай болатынын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Адалдықты құндылық ретінде биік ұстайтын, әділдікке ұмтылған жаңа буын мемлекеттің ең үлкен капиталы екені даусыз. Осы ретте Алматыда өткен бұл шара елде жүргізіліп жатқан реформалардың жастар арасында нақты қолдау тауып жатқанын, «Әділетті Қазақстан» идеясының жаңа ұрпақ санасында берік орнығып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

«ҚАМҚОРЛЫҚ»

Алматыда тағы 600 сәби ерте оңалтудан өтеді

Алматы қалалық Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында 3 айдан 3 жасқа дейінгі ерекше қажеттілігі бар балалар осы заманғы халықаралық әдістеме бойынша ерте бастан оңалтудан өте бастады. Жаңа тәсілдің нәтижесінде жыл сайын 600-дей бала ерте қалпына келуге мүмкіндік алып отыр.

Өңірлік коммуникациялар қызметі мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы ұйымдастырған баспасөз турында журналистерге жаңа орталықтың жұмысы, ондағы мамандар қолданатын заманауи әдістер мен көмекті кеңейтуге мүмкіндік беретін өзгерістер таныстырылды.

Өңірде баламасы жоқ «Қамқорлық» ерте оңалту орталығы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында биылғы тамызда ашылған болатын. Аз уақыт ішінде мұнда 57 бала көмек-қолдау алып үлгерді. Оларды оңалту жағы толықтай МӘМС есебінен жүргізіледі. Жеңілдік санатындағы балалар медициналық көмектің барлық түрін тегін алады.

Ерте араласу орталығының меңгерушісі Шамшигүл Құдажанованың айтуынша, орталық жұмысы ДЦП, Даун синдромы, сөйлеу мен психомоторлық дамудың кешеуілдеуі, орталық жүйке жүйесінің перинатальды зақымы мен тірек-қимыл жүйесінің туа біткен ақауы бар балаларға бағытталған.

«Қамқорлық» орталығына жолдама-

ны ата-аналар тіркелген емханадан алады. Біз бала мен ата-анасын алғашқы қадамынан бастап қолдауға тырысамыз, ерте араласқанда дамуын да түбегейлі өзгертуге болады», – дейді Шамшигүл Құдажанова.

Орталық медициналық қана емес, әлеуметтік және білім беру жағынан қолдауға да ерекше назар аударған.

«Мұнда біз баланың дамуына, қабілетін ашып, айналасымен қарым-қатынас жасап үйренуіне мүмкіндік беретін кеңістік құрамыз. Абиляция, дамыту оқыту, когнитивті, моторлық және коммуникативтік дағдыларды жетілдіру арқылы балалардың үйлесіммен өсіп-жетілуіне жағдай жасап жатырмыз», – дейді балалардың медициналық психологы Әнел Жүнісова.

Мұнда шунгит пен тұзды бөлме, сенсорлық бөлме, сондай-ақ иммерсиялық ванна да бар. Әр балаға жеке бағдарламаны мультидисциплинарлық команда – невролог, реабилитолог, клиникалық психолог, неонатолог, физиотерапевт, ЛФК дәрігері, логопед және дефектологтар әзірлеп береді.

Мамандардың айтуынша, әсері бірінші аптадан-ақ байқалып, балалар өздігінен отыра бастайды, алғашқы адымын жасап, сөйлейді, моторика мен коммуникация дағдыларында да айтарлықтай ілгерілеу байқалады. Алматыда қазір 18 жасқа дейінгі балаларға қызмет көрсететін осындай 53 медициналық ұйым жұмыс істейді. Кішкентай пациенттердің сауығып, жаңа, дені сау өмірге қадам басатын мүмкіндігі де жыл сайын артып келеді.



АТА-АНА

Балам аяққа тұрды

Ольга ИГИШЕВА, бүлдіршіннің әжесі:

– Біз бұл орталыққа бір аптадан бері келіп жүрміз. Немеремде өзгеріс бар. Бала белсенді, бұрынғыдай емес, жинақы бола бастады. Бұрын мүлдем айтпаған дыбыстарды айтатын болды. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Орталықта қолайлы жағдай жасалыпты, бөлмелер жап-жарық, еңселі. Мамандары да мықты. Бізге олардың әрбір жылы сөзі де, жайлы атмосфера да үміт, сенім сыйлайды.

Дінмұхаммед СЫЗДЫҚБАЕВ, жас әке:

– Біздің «Қамқорлыққа» келіп жүргенімізге екі апта болды. Аз ба, көп пе, білмеймін, бірақ осы уақыт ішінде қызымыз үілдеп дыбыс шығарып, бұлшықеттері бекіп, сенімді жүріп, секіре бастады. Бізде Даун синдромы. Бұрын ол денесін игере алмай, тайғанақтап, құлап қала беретін. Қызыммен логопед, психолог жұмыс істейді. Массаж да алып жүрміз. «Қамқорлықтың» өлшеусіз қамқорлығына өте ризамыз.

МАМАН

Шынар ӘЛЖАНОВА, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалының ақпараттандыру бөлімі жетекшісі:

Бағдарламаның мүмкіндігі зор

2019 жылы МӘМС енгізілгенге дейін Алматыда балаларға төрт орталықта ғана реабилитациялық көмек көрсетілетін, жылына 481,8 млн. теңгедей қаржы бөлінді. Қазір жағдай түбегейлі өзгерді: биылғы 9 айда өңірде 400 мыңнан астам оңалту іс-шарасы жүргізіліп, қаржыландыру көлемі қазір 2025 жылға 4 млрд. теңгеден асып түсті. Балалар реабилитациясы бұрын тегін медициналық көмектер пакетіне кіретін, бірақ қаржыландыру шектеулі болғандықтан қажетті қарқынмен дами алмады. МӘМС енгізілгелі бері қызмет көлемі мен сапасы айтарлықтай артып, жаңа технологиялар енгізілді. Балалар барлық көмекті бұрынғыдай тегін алады, жарнаны мемлекет төлейді.

ЭПИДМАУСЫМ

ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНА ЕГІЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында эпидемиялық маусымдағы ЖРВИ мен тұмаудың ағымдағы эпидемиологиялық жағдайы мен профилактикалық іс-шаралары туралы брифинг өтті.

Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова қалада маусымдық жағдайға қарамастан, сырқаттану деңгейі тұрақты екенін хабарлады.

«Жаңа эпидмаусым басталғалы барлығы 113 390 ЖРВИ жағдайы тіркелді, сырқаттанушылық көрсеткіші 4828,55 болды, бүлөткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 9,6%-ға жоғары. Ауырғандардың 58,6%-ы – балалар. Барлығы 2428 пациент, оның ішінде 255 жүкті әйел және 1 жасқа дейінгі 333 бала ауруханаға жатқызылды», – деді Әсел Қалықова.

Алматыда тұмаудың А/Н3N2 штаммының 13 расталған жағдайы анықталды, олардың басым бөлігі – екпе алмағандар. Науқастардың көпшілігі жүкті әйелдер. Барлық пациент ем қабылдап жатыр, дәрігерлер олардың жағдайын қанағаттанарлық деп бағалайды.

25 қыркүйектен бастап халықты вакциналау басталды. Бүгінгі күні

254 115 адамға екпе салынды, оның 250 мыңға жуығы – қауіп тобына жаттындар. Жекеменшік орталықтарда вакцина барлық тұрғынға, соның ішінде жұмыс берушілер есебінен қолжетімді.

Брифинг спикерлері Алматыда мамандандырылған қалалық Балалар клиникалық инфекциялық аурухана-сында балаларға тәулік бойы көмек көрсетілетінін атап өтті. Аурухана негізгі корпус пен екі филиалдан тұрады. Бұл туралы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Ләйла Иманғалиева айтты.

«Балаларға ЖРВИ мен тұмауға қарсы ем жүргізу үшін ҚБКИА-да 536 төсекке арналған 14 бөлімше ашылған, олардың ішінде 48 реанимациялық төсек бар. Соңғы аптадағы төсек қорының жүктемесі шамамен 51%-ды құрайды. Қажет болған жағдайда эпидемиологиялық жағдайға байланысты қосымша қордағы 92 төсек ашылуы мүмкін», – деді Ләйла Иманғалиева.

Стационарға жүктеме бойынша балалар арасында бірінші орында тұмау мен ЖРВИ, екінші орында пневмония тұр. 2025 жылдың 17 қарашасындағы жағдай бойынша ҚБКИА стационарларында ЖРВИ және тұмаумен 274 бала ем алып жатыр, олардың 139-ында пневмония диагнозы қойылған. Ауруханада инфекцияларды жедел анықтауға мүмкіндік беретін зертхана бар.

ЖАҢА ТІЗБЕ

МӘМС ЖАҢАЛЫҒЫ

Сақтандырусыз да көрсетілетін көмекті біле жүріңіз

МӘМС жүйесіне қатыспайтын адамдарға стационар жағдайында көрсетілетін шұғыл, өмірге қауіп төндіретін жағдайлар кезіндегі мамандандырылған медициналық көмек түрлерінің тізбесі бекітілді.

Атап айтқанда, өмірге қауіп төндіретін жедел жағдайлар қатарына және стационарда көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмекке (оның ішінде тәулік бойғы стационардың қабылдау бөлімінде диагноз анықталғанға дейін жүргізілетін емдеу-диагностикалық іс-шаралар) төмендегідей аурулар мен жағдайлар енгізілген:

- жүрек-қантамыр аурулары (жедел коронарлық синдром, инфаркт, инсульт);
- жарақаттар (ауырсынулар, бас-ми жарақаты, денеге өтетін жарақаттар);
- тыныс жетіспеушілігі (тыныс жолдарының бөгде затпен бітелуі, пневмонияның ауыр түрлері);
- іштің қатты ауыруы (соқырішектің қабынуы, ішек өтімсіздігі, перфорация белгілері);
- аллергиялық реакциялар (ауыр анафилаксия);
- уланулар (улы химиялық заттармен, есірткімен немесе ауыр инфекциялармен улану);
- психикалық бұзылыстар (жедел



(Сурет: Алматы әкімдігі).

психоздар, суицидтік ойлар немесе өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері);

- эндокриндік криздер (гипергликемиялық немесе гипогликемиялық кома, тиреотоксикалық криз);
- өмірге қауіп төндіретін және тәулік бойы бақылауды, қарқынды терапияны қажет ететін кез келген жағдайлар;
- жүкті әйелдер мен босанғаннан кейінгі 42 күн ішіндегі әйелдердің кез келген шағымдары.

Осы тізімге барлығы 917 ауру түрі енгізілген. Бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



ҚАЛА ИМИДЖІ

МЕГАПОЛИСТІҢ МЕДТУРИЗМІ

Әлем чемпионатына келген шетелдік делегация жүрек орталығына барды

Шәһарға тоғызқұмалақтан әлем чемпионатына келген шетелдік делегацияға мәдени-танымдық сапар ұйымдастырылды. Жарысқа жиналған бірқатар елдің өкілдері қаладағы Кардиологиялық орталыққа барып, заманауи медицина мекемесінің тыныс-тіршілігімен танысты.

Дәрігерлер меймандарға инновациялық жаңа қондырғыларды, жүрек ауруларын ерте анықтауға арналған технологияларды көрсетті. Шетелдік қонақтар орталықтың медициналық мүмкіндігіне жоғары баға беріп, Қазақстандағы, оның ішінде медициналық туризмі ілгерілеп келе жатқан Алматының денсаулық сақтау саласының тың қадамдарына тәнті болғанын жеткізді.

«Қонақ ретінде шақырған аурухана ұжымына шын жүректен алғыс білдіремін. Бұл сапар мен үшін пайдалы болды. Сіздердің технологиялық даму жолына ерекше көңіл бөліп отырғандарыңыз қуантады. Орталықтағы кардиология саласының түрлі бағытқа бөлініп, мамандандырылған бөлімдермен жұмыс істеуі – өте маңызды аспект», – деді



Румыния делегациясының басшысы Клаудия Балинт.

«Біздің орталық науқастарды жедел түрде қабылдайды. Алматыда жұмыс істейтін, қыдырып келген және басқа мемлекеттерден туристік бағдарлама бойынша келген адам науқастанып қалған

жағдайда жедел түрде бізге келуіне, емделуіне барлық жағдай жасалғанын айтып өту керек. Бізге Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Ресей мемлекеттерінен науқастар жиі келеді», – деді қалалық Кардиологиялық орталықтың директоры Ермағамбет Қуатбаев.

КОНФЕРЕНЦИЯ



НЕОНАТОЛОГИЯ

тақырыбы халықаралық деңгейде талқыланды

Алматыда «Өмір ерте басталады: шала туған балаларға көмектесудегі ұлттық басымдықтар» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өтті.

Алқалы жиын – тәжірибе алмасу, жетістіктерді талқылау, жаңа мақсаттарды белгілеу және ең бастысы жарық дүниеге қазір ғана келген, бірақ салмағы аз, жетіле қоймаған бөбектердің амандығы үшін күш біріктіру мүмкіндігі.

Конференция спикерлері неонатологияның өткір мәселелерін, мәселен, «Шала туған нәрестелердегі сурфактантты терапия», «Перзентханадағы алғашқы реанимация және тұрақтандыру», «Неонатальды сепсис» тақырыптарын талқылап, Қазақстан бойынша ең алғаш болып біздің Алматыда ашылған, шала туған сәбилердің өсіп-жетілуіне көп көмегі тиіп жатқан «Сүт банкінің» артықшылығы туралы айтты. Әрине, жарық дүние есігін ашатын барлық нәрестенің тек анасының омырау сүтімен қоректенуі маңызды екені де тілге тиек болды.

«Біз бұл конференциямызды 17 қарашада аталып өткен Халықаралық шала туған нәрестелер күніне арнадық. Біздің мамандар мықты әрі жүректі, мейірімді! 500 грамм болып туған бөбектерді де адам қатарына қосып жатыр. Бүгінгі күні білікті дәрігерлердің күш-жігерінің, күтім жасаудағы заманауи технологиялардың және мемлекет қолдауының арқасында елімізде мыңдаған бала салауатты және толыққанды өмір сүруге мүмкіндік алады. Біз Қазақстанның ДДСҰ мен ЮНИСЕФ-тің халықаралық стандарттарын белсенді түрде енгізіп, перинаталдық желіні нығайтып, шала туған нәрестелерге күтім жасауда пәнаралық тәсілді дамытып отырғанын мақтан тұтамыз», – деді конференция ұйымдастырушысы профессор Қарлығаш Жұбанышева.

Конференцияның екінші күні Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында «шеберлік сабақтарымен» жалғасты.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

ЖҮРЕК ЫРҒАҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛДІ

Алматы қалалық Кардиологиялық орталыққа бірнеше жыл бойы жүрек ырғағының бұзылуынан зардап шеккен 63 жастағы пациент жүгінді. Бұған дейін басқа клиникада жасалған отаға қарамастан, жүректің жиі соғуы қайталана берген.

Заманауи жабдықтың көмегімен мамандар пациент жүрегінің үш өлшемді моделін жасап, ырғақтың бұзылуына себеп болған нақты аймақтарды анықтады.

Алынған деректер негізінде пациентке радиожиилікті абляция жасалды. Бұл процедурада мәселе туындататын ошақтар жұқа катетер арқылы күйдіріледі. Бұл аритмияның көзін жоюға мүмкіндік берді.

Ота сәтті өтті, жүрек ырғағының бұзылуы толық тоқтатылды. Пациент өзін жақсы сезініп, жағдайының жақсарғанын айтып отыр.

«Жүрек картирлеуінің дәлдігі бізге аритмияға себеп болатын ең ұсақ ошақтарды да анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда біз ырғақ бұзылысының көзін толық жойдық. Нәтижесінде пациент өзін бірден жеңіл сезінді», – дейді қалалық Кардиологиялық орталықтың аритмологы Ағабек Бердібек.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

МУЛЬТИДИСЦИПЛИНАРЛЫҚ ТӘСІЛ

қатерлі ісікке шалдыққан науқастың өмірін сақтап қалды

Алматы Онкологиялық орталығында тоқ ішек қатерлі ісігінің асқынған түріне шалдыққан және ауыр ілеспе жүрек-қан тамырлары ауруы бар науқасқа жасалған күрделі ота сәтті аяқталды.

Науқас 76 жаста. Орталыққа өте ауыр жағдайда, қатерлі ісіктің III сатысы диагнозымен түскен. Ісік жіңішке ішекке өтіп, жыланкөз жолдарын қалыптастырған. Ал бұл өз кезегінде интоксикация мен үдемелі анемияға алып келген. Гемоглобин деңгейі – 69 г/л (әйелдер үшін норма – 120–150 г/л).

Негізгі мәселе ауыр жүрек патологиясы болды: жүректің ишемиялық ауруы, коронарлық артерияны айналып өтуден кейінгі жағдай (2022 жылы) және сол жақ қарыншаның шығарылуының өте төмен фракциясы – тек 28–30%, 55–70%.

«Біздің алдымызда дилемма болды: науқасқа ота жасалмаған



жағдайда жақын арада өлім қаупі төнді, бірақ кез келген хирургиялық араласу жүрек жағдайына байланысты өте қауіпті болды», – дейді онколог Асылбек Қаржауов.

ӨҢІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚ

ҰЙЫМДАСҚАН ҰТАДЫ

Жамбылдық дәрігерлер Алматының тәжірибесімен танысты

Жамбыл облысының дәрігерлері Алматының №17 емханасында болды. Алматы дәрігерлерінің жұмысын көріп, тәжірибе алмасуға Жамбыл облысынан бір топ өкіл келді.

Жамбыл облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сержан Назарбектің жетекшілігімен келген делегация жұмыс сапары аясында Алматы қаласындағы онкологиялық қызметтің медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) деңгейінде ұйымдастырылу әдіс-тәсілдерімен танысты.

Делегация құрамында Жамбыл облыстық көпбейінді онкология және хирургия орталығының директоры Жандос Сейдахметов, «JANUIA medical center» емханасының бас дәрігері Бота Өзденбаева, №7 қалалық емхананың бас дәрігері Әлия Шатаева және Қордай аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Айдын Байбеков болды.

Сапардың екінші жартысында олар Алматы қаласының №17 қалалық емханасында болып, онкопатологияға күдікті науқастар үшін ұйымдастырылған «жасыл дәліз» тетігінің жүзеге асырылуымен, скринингтік бағдарламалардың жүргізілу жолымен және пациенттерді маршрутизациялау жүйесімен танысты.

Кездесу қорытындысында Алматы қаласы мен Жамбыл облысының өкілдері екі тараптың медициналық ұйымдары арасында онкологиялық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, скринингтік бағдарламаларды жетілдіруге және мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға уағдаласты.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

жаңа стартаптарды жарыққа шығарды

Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» ел экономиясының дамуына жаңа жол ашты. Бұл ретте еліміздегі колледждер өздерінің тек «маман дайындайтын мекеме» емес, сонымен бірге стартап алаңдары, жас кәсіпкерлердің үлкен бизнеске бастауы екендіктерін танытты.



Міне, түлектердің табысын айшықтау мақсатында Алматы әкімдігінің тікелей ұйымдастыруымен өткен пресс-тур барысында колледж түлектерінің полиграфиядан бастап, сұлулық студиясына, ұлттық аспап құрастыруға дейінгі жеткен жетістіктеріне куә болдық. Иә, соңғы жылдары еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі ерекше дамып келеді. Оған Мемлекет басшысының ерекше назар аударуы да қосымша қолдау болып отыр. Мәселен, 2025 жылғы ресми мәліметте елімізде 772 колледж, 565 мың студенттің бар екені көрсетілсе, Алматы қаласында 22 мемлекеттік, 66-сы жекеменшік колледждер.

Статистика колледж түлектерінің нарыққа жылдам кірісетінін растайды: 2023-2024 жылдардағы деректер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан шыққан 158,7 мың түлектің 58,5%-ы жұмысқа орналасқан (92,9 мың адам), тағы 16,1%-ы оқуды жалғастырған. Бұл – колледж дипломының практикалық құндылығының айқын дәлелі. Мысалы, колледж түлектерінің еңбекке орналастыру деңгейі 79%, яғни кәсіптік еңбекке орналастыруда артықшылығы байқалады. Пресс-тур барысында **Айбар**

ЕРАЛИЕВ басшылық ететін «COLOR Express» компаниясына аялдадық. Ол қаламыздағы «Принтмедиа технологиялар колледжін» тәмамдаған. Бүгінде ол баспа және жарнама бағытында өз кәсібін ашып, кәсібін дамытып отырған жас кәсіпкер. Жас маман өз еңбегімен, кәсібіне деген адалдығымен жастарға үлгі. Ол полиграфия индустриясын жаңғыртып, жаңа жұмыс орнын ашып, жастарға жол көрсетіп жүр. Жас маманның сөзінше, колледждегі практикалық сабақтар мен өндірістік тәжірибе оған «компания ашып, оны кезеңімен кеңейтуге» мүмкіндік берген көрінеді. Аталмыш колледжді Қазақстандағы полиграфия саласына жұмысшы кадрлар дайындауда бірегей мекеме деп айтуға болады. Ол өзінің қол жеткен табысын




колледжде алған білімімен сабақтастырады. «Колледжде алған білім – тек теория емес, ол машинаны, тапсырысты мерзімінде орындау, яғни клиентпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру еді. Бұл – алғашқы капиталдың тең жартысы», – дейді.



– Принтмедиа технологиялар колледжі – полиграфия, баспа, цифрлық медиа салаларында жұмыс істейтін жоғары кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған. Біздің негізгі миссиямыз – адами құндылықтарды сақтай отырып, теория мен практиканы ұштастырып, яғни өндірістік орындармен интеграциялау негізінде баспа-полиграфиялық сала мамандарын озық даярлау арқылы халықаралық білім беру кеңістігіне ену.

Колледжіміз қалалық Білім басқармасының қолдауымен «Жас маман» жобасының негізінде заманауи жабдықтармен жабдықталған. Ал 2014 жылдан бастап біздің колледж дуалды оқыту жүйесімен жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда 462 студент дуалды оқыту жүйесімен білім алып жатыр. Колледж жыл сайын орта есеппен 500 маман дайындайды, олардың ішінде шамамен 15–20 түлегі жыл сайын өз саласы бойынша жеке кәсіптерін ашады, – дейді колледж басшысы **Гүлзада АБДУЛЛАЕВА**.

Ал қаламыздағы «Сән және дизайн» колледжінің түлегі **Ирина ЧЕРНУХИНА** бүгінде «Агентство рыжих» деп аталатын сұлулық саласына жетекшілік етеді. Осы наутабысқа жетуінің құпиясымен бөліскен Ирина колледждегі практика мен кәсіби стандарттардың әсерін



ерекше атап өтті. – Студент кезімнен бастап мен колледжде кәсіби тәртіп пен клиентпен қарым-қатынас жасауды үйрендім. Бүгін сол білім маған кадр дайындауға және брендідмі қалыптастырып, дуалды оқыту арқылы жастарды жұмысқа тартуыма ықпал етті, – дейді. Қазіргі таңда аталмыш шаштараз салоны 20-дан астам адамды жұмыспен қамтып отырса, тағы бір сән салонын ашуды жоспарлап отыр.

Елжас ОРЫНБАСАРУЛЫ (ИП «Орынбасарұлы Е.») деп аталатын брендпен танымал. Ол еліміздегі ұлттық музыкалық аспаптар жасаушылардың бірі. «Ұлттық өнер – жарнамамен сатылатын тауар ғана емес, мәдени экспорт. Колледжде алған шеберлік маған шеберхана ашып, аспаптарымызды шетелге шығару мүмкіндігін берді», – деген жас маман нарықтағы сұранысты көріп, өз кәсібін ашуға ниет етеді. Қазіргі таңда жас шебердің жертөледегі шеберханасы түрлі ұлттық аспапқа толы.

– Ұлттық аспаптарға деген сұраныс өте жоғары. Біз әр өңірдің өзіндік ерекшелігіне сай аспаптар жасаймыз. Сондықтан келешекте өзімнің үлкен шеберханамды ашсам деймін, – дейді Елжас.

Міне, осылайша колледжден алған білімнің беделі көтеріліп, дуалды оқыту, өндірістік практика және әлеуметтік серіктестік арқылы жастарға нақты мүмкіндіктер ашылып жатыр. Нақты статистика да колледж білімінің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді. Бірақ бұл аздық етеді.

Нарықты меңгеру үшін мемлекеттік қолдау, қаржылық қолжетімділік, бизнес-инкубация мен коучинг бағдарламалары талап етіледі. Егер бұл факторлар толық қамтамасыз етілсе, Алматының нағыз табысты кәсіпкерлері колледж қабырғасынан шығатын болады.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 24 қарашадағы
№4/675-1/445 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-496 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кабинет белгіленсін».

2) 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №3/370-536 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

3) 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-646 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кабинет белгіленсін».

4) 2023 жылғы 23 қарашадағы №4/524-708 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

5) 2024 жылғы 23 қаңтардағы №1/1-18 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

6) 2024 жылғы 23 қаңтардағы №1/1-41 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

7) 2024 жылғы 29 ақпандағы №1/1-86 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

8) 2024 жылғы 30 сәуірдегі №2/225-263 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

9) 2024 жылғы 6 маусымдағы №2/225-668 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

10) 2024 жылғы 27 маусымдағы №2/225-969 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

11) 2024 жылғы 22 тамыздағы №3/373-1655 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

12) 2024 жылғы 29 тамыздағы №3/373-1791 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 3 және 4-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«3. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

4. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

13) 2024 жылғы 12 қыркүйектегі №3/373-1862 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

14) 2024 жылғы 21 қазандағы №4/2-2128 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»;

аталған қаулының 2 және 3-тармағы келесі редакцияда мәзмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кабинет белгіленсін».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулының қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.



БАСПАСӨЗ – 2026

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыллықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.



2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ ӨТЕДІ

«Алматы қаласы
Сәулет және қала
құрылысы басқармасы»
КММ (БСН 990740001176)
«Алматы қаласының бас
жоспарын түзету» жобасы
бойынша қоғамдық
талқылаулардың
өткізілетінін хабарлайды.
Қоғамдық талқылаулар
2025 жылдың 24, 25, 26
желтоқсанында Астана
уақытымен сағат 14.00-де
Алматы қаласы, Бостандық
ауданы, Абай даңғылы 90,
1-қабат мекенжайы
бойынша өтеді. Қосымша
ақпарат алу үшін келесі
телефон нөмірлеріне
хабарласуға болады:
+7 (727) 240-80-00, 240-80-
01, 240-80-02, 240-80-03,
электрондық пошта:
uaig@mail.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітіктің иінтірегін лапалап батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек.
2. Бөлмені желдету керек.
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл Бас ауру, түншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының кәтерілуі	0,32% дейін Орташа Қозғалудың қиындауы, естен тану	1,2% жоғары Ауыр Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)
---	--	---

АЛФАШҚЫ КӨМЕК

- Дәрігер шақыру.
- Дәрігер келгенге дейін: жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін искетіп, кофе немесе қызыл шай ішізү керек.
- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.

ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ
104



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасылмалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

АЛМАТЫДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ

Алматыда екінші рет ұйымдастырылған жасөпірімдер арасындағы әлем чемпионатының жабылу салтанаты «Зенит» спорт орталығында өтті.

Досбол АТАЖАН

Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, Қазақстан Тоғызқұмалақ спорты федерациясының президенті Әкім Тұрсын, қалалық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері, шетелдік делегация өкілдері қатысты.

– Тартысты күндер болды, сайыс пен дода болды. Ең мықтылар жеңіске жетті. Бірақ 20-дан астам келген тоғызқұмалақ ойыншылар арасында достық нығая түсуі

– ең басты жеңіс деп ойлаймын. Алматы қаласы тоғызқұмалақтың дамуына, әлемдік жарыс өткізуге үлесін қосып келеді. Қалада ұлттық спорттың осы түрімен тұрақты түрде айналысатын 10 мыңға жуық азамат бар. Осы ойынға шетелден, еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, ұлттық дәстүрімізді дәріптеуге атсалысқан ойыншыларға алғысымды білдіремін, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов.

Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының басшысы Әлихан Байменов тоғызқұмалақтың әлемдік аренада кеңінен танылуы, жастардың зияткерлік қабілетін дамыту, халықаралық серіктестік пен мәдени байланысты нығайту Алматыда өткен әлем чемпионатының арқасында жүзеге асқанын жеткізді.

– Біз бұл спорт түрін насихаттай береміз, ал Алматы оның даму орталығына айналады. Тоғызқұмалақтың танымалдылығы мен тәжірибелік пайдасын ойынды жақсы меңгергендер біледі, бұл логикалық ойлаудың дамуын айқын көрсетеді, – деді

Әлихан Байменов жүлдегерлер мен жеңімпаздарға қарата.

Биыл 17–23 қараша аралығында өткен жарысқа дүние жүзінің 21 мемлекетінен

180-ге жуық ойыншы келді. Тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты шахматта секілді классика (онлайн және офлайн), рапид және блиц форматтарында ұйымдастырылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАРЫС НӘТИЖЕСІ:

Классика. 15 жас санатында ұлдар арасында қазақстандық Азамат Халел, қыздар арасында қазақстандық Упол Абдымомунова жеңіске жетті. 17 жас санатында ұлдар арасында қазақстандық Сапар Темірлан, қыздар арасында Елдана Оралбай чемпион атанды.

Рапид. 15 жас санатындағы қыздардан Аяна Абай топ жарды. Ал ұлдар арасында Әмір Наурызғали үздік шықты. 17 жас санатында Арсен Есентай ұлдар арасында чемпион болса, қыздар арасында Ақнұр Мақсатқызы алтын медаль алды.

Блиц. 15 жас санатында ұлдардан Алдияр Күшік, қыздардан Әзиза Күлбаева үздік болды. 17 жаста санатында ұлдар арасында Айқын Дәулет, қыздар арасында Малика Әсемханова алтыннан алқа тақты.

Жарыстың әр санатында жүлдегерлер арасында Моңғолия мен Қырғызстан өкілдері бар. Еске салайық, тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты алғаш рет 2023 жылы Алматы қаласында өткен болатын. Ол кезде 17 елден 136 спортшы қатысқан еді.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Алматыда «Цифрландыру күні» аясында дәстүрлі «Digital Day: Таланттар. Коллаборациялар. Интеллект» тақырыбында форум өтті. Аталмыш іс-шараны ҚР Жасанды интеллект және сандық даму министрлігінің, Алматы әкімдігі мен қалалық Цифрландыру басқармасының қолдауымен «Kazaq IT Community» ұйымдастырды.

Рая ЕСКЕНДІР

Басқосуға еліміздің әр түкпірінен АТ-сарапшылар, стартаперлер, кәсіпкерлер, инвесторлар, талдаушылар және академиялық қоғамдастық өкілдері жиналды. Сондай-ақ, форумға Bank CenterCredit (BCC), Women in Tech Kazakhstan да қолдау көрсеткен болатын.

Форумда Алматы қаласының цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабек сөз алып, қаламыздың жасанды интеллект негізінде шешімдерді белсенді енгізіп жатқанын жеткізді.

– Бүгінде бізде өте мазмұнды бағдарлама – ол білім бөліміне баса назар аударады. Өйткені, әлем жылдам өзгеріп,

DIGITAL DAY:

Цифрлық индустрия жетекшілері бас қосты



жаңа стартаптар мен инновациялық платформалар пайда болуда. Әрине, бұл кезеңде Қазақстан да, Алматы да жаһандық трендтермен қатар келе жатыр. Алматының ахуалдық орталығы қазірдің өзінде 70-ке жуық түрлі модульдерден тұрады. Мысалы, автобустар мен жедел жәрдем көліктерінің камералары өшірілген жолтаңбалары мен бүлінген жолдарды анықтауға мүмкіндік береді, – деді.

Оның айтуынша, Алматыдағы бірыңғай бейнемониторинг жүйесіне қосылған камералар саны 2022 жылы 10 мыңнан 2025 жылы 57 мыңға дейін өскен, ал келесі жылы 100 мыңға дейін ұлғайту жоспарланған. Мұндай көлемді деректерді тек ЖИ арқылы тиімді өңдеуге болады. Сондай-ақ, ол оқу жылының соңына қарай мемлекеттік мектептердің оқушылары ЖИ саласындағы өз жобала-

рының мыңға жуығын ұсынатынын жеткізді.

Форумдағы Алматының жетекші ЖОО ректорларының қатысуымен өткен панельдік сессиясында ЖИ қарқынды дамуы жағдайында білім берудің болашағы талқыланды. Барлық спикерлер технологияға қарсы тұруға болмайтынын, бірақ іргелі дайындықтың рөлі шешуші болып қалатынын атап өтті. Форум бағдарламасының маңызды бөлігінде негізгі тақырып ЖИ дәуірінде қандай білім қажет және университет қандай индустрияға бейімделуі тиіс деген мәселе төңірегінде өрбіді. Саланың жетекшілері нарыққа қажетті маман тапшы екенін сөз етті.

«Digital Day – 2025» Алматының технологиялық хаб ретіндегі рөлін тағы да дәлелдеп берді. Оның аясында сандық технологиялар саласындағы үздік жобаларды салтанатты марапаттау рәсімі де өткізілді. Олардың арасында инновациялық банк өнімдері, технологиялық шешімдер, АТ-сервистері және экономиканың басқа секторларындағы әзірлемелер ерекше аталды. Финалға шыққан он стартап БСС экожүйесіне енгізіліп, 1 млн. теңге жүлдеге ие болды.